

Л 2005
6791_к


Зардыхан ҚИНАЯТҰЛЫ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ЖОШЫ ХАН



АҚ ОРДА МЕМЛЕКЕТІ (XIII – XV ғғ.)

1 2005/6791



СЫҒАНАҚТАН ҚАЛҒАН ІЗДЕР

Зардыхан ҚИНАЯТҰЛЫ

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТИ
ЖӘНЕ ЖОШЫ ХАН**

“Елорда”
Астана – 2004

ББК 63.3 (2 Қаз)
3 26

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

3 26 **Зардыхан Қинаятұлы.** Қазақ мемлекеті және Жошы хан.
(*Тарихи-сараптамалың зерттеу*). Астана: “Елорда”, 2004. – 344 б.

Шікір жазғандар: жазушы **Бексұлтан Нұржекеұлы**,
тарих ғылымының кандидаттары **К.А. Пищулина, Қ. Өскенбай**

ISBN 9965-06-375-3

З. Қинаятұлының көшілікке ұсынып отырған “Қазақ мемлекеті және Жошы хан” атты осы еңбегі көп жыл бойы жүргізген зерттеулерінің нәтижесі болып табылады. Автор аталмыш еңбегінде қазақтың мемлекеттігі тарихын көзғаған. Ол Ақ Орданы қазақтың алғашқы мемлекеті, 1466 жылдың құрылған Казақ хандығының қара шаңырағы деген концептуальдық жаңа бағыт ұсынады. Еңбектің деректемелік маңызы зор, ойы орамды, тарихи санасты тартымды, тілі жеңіл, бір ойы бір ойымен қиысты болып келеді.

3 0503020905-312
00(05)-04

ББК 63.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-06-375-3

© З. Қиянатұлы, 2004
© Елорда, 2004

Алғы соз орнына: соны соқпақ

Тарихтың “алтын қоймасына” тұра жетелei апаратын tote жол жоқ. Ол шым-шытырығы мен шыргалаңы, ақиқаты мен ағат басатын тұстары мол аса күрделі жол. Егер кімде-кім тарих тануды оңай жол деп санап, оған төтесінен киліксе, ол адасқан “тарихшы” болып шықпақ. Және тарих “көне ғылым” деген пікірмен келісуге болмайды. Біріншіден, тарихтың өлі де ашыла қоймаған сырды қөн; екіншіден, тарих халықтың олгенімен де, бүгінгі козі тірілерімен де бірге жасасып, үнемі жасарып, жаңғырып отырады.

Талай қауым тайпа жер бетінен жойылып кетті. Олардың тарихы бүгіндері оздерімен бірге жер қойнауында жатыр. Көзірде жер асты деректерінің жүзден бірі де толық ашыла қойған жоқ. Уақып отіп, ел жаңғырған сайын тарихтың откені бүгінгілер үшін келелі мәселеғе айналады. Тарихтың жаңашылдығының бір сырьы, мінс. осында. Адамдар откеннің бөрін де білгісі келеді. Бірақ адамдардың күткеніндегі етіп шынықтың бетін ашып беру оңай шаруа емес. Өзіндік жазба тарихы болмаған халықтар бүгінгі күні тарихтан қағажу коріп отыр. Ондай халықтардың (осіреке кошпендейлер тарихын) не bogделер жазды немесе ауыздан-ауызға жалғасқан шежірелер арқылы бүгінгі күнге жетті. Кошпендейлердің түрмис-тіршілігімен етene таныс Б.Я.Владимирцов монголдардың есте сактау қабілеттілігін “Дала сауаттылығы” деп атаған. “Монголдар дейді ол, – 2-3 дүркін естіп коңіліне ұнаған жыр, ертегілерді сол күйінде жадында сақтаған қалады. Хат танымай тұра құлақиен естігенин кітаптың өзіндегі етіп сөзбе-сөз айтып беретін монголдарды талай мөрте кездестірдім”¹. Қазақтар жайлы дәл осы мағынада айтылған соз Г.Н.Потанин және Г.Е.Грумм-Гржимайлода да бар². Эрине, кошпендейлер еске сактау қабілеті арқылы коп дүние сақтаған қалғаны белгілі. Шығыс танушы В.П.Юдин мұны “Даланың ауызша тарихнамасы” (степная устная историография) деп атады³. Бірақ көкірек шежіре, ауыз әдебиетінің басқадай бір қырын ескермеске

¹ Владимицов Б. Я. Монгольский сборник рассказов из Pancatantra. Петроград, 1921, 37-б.

² Потанин Г. Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Санкт-Петербург. 1881, 68-69-б; Грум-Гржимайло Г. Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Том третий, вып. второй. Ленинград, 1930, 467-468-б.

³ Юдин В. П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... /Утемиши хаджи./ Чингиз-наме. Алма-Ата, 1992, 65-б.

болмайды. Неге десеңіз, мұндай шежіре, жыр, дастандар үнемі осерленіп оңделіп отыратындықтаң, қайсыбір ақыз-ертеңігө айналып, тарихи деректемелік құндылығынан айрылып қалатын тұстары бар. Ондай дүниелерден шындықты ажырату деген нағыз “инемен құдық қазғандай” бейнеті мол шаруа. Оған ор кездердегі идеология және қайсыбір тоңтардың мұрат-мұддесі мен таңсырыстары араласар болса, тарихи құбылыштың он көлбестін мұлдем айналдырып жібереді. Мысалы, “социалистік дәуір” деп аталаған кезеңде қашама сөңбек жабының, қашама шын батыр, ойшыл аты атаусыз қалса, ол қапастаң құтылған мына жаңа заман талай шежірлерді омірге әкелін, талай тұлға қолдан жасалып жатыр. Енді бір 50-100 жыл откесін есілардың отірігін шындықтан ажырату деген келер үриақ үшін оңайға түснесі анық.

Тарихтың жұлын тұтасы қашаңда дерек. Тарих оз қойнауында сакталған дерек, деректемелер арқылы айқындалмаса, ол ақыз-оңімеге айналып кетеді. Біз бұғандері тарихтан жетімдік коріп отырғанымыздың негізгі себебі – тол тарихи деректемелердің аздығында. Біздің қазақтың тарихын озіміз емес, бодеге жүрттың оқілдері жазды. Эрине, бодеден екен деп ұлы ғалымдардың сөнбекін жокқа шығаруға болмайды. Оларға алғыстан озге айтарымыз жоқ. Бірақ мына бір шындықты ашып айтнасқа шара жоқ. Оның жоні мынандай: кішігірім коршілес халықтардың тарихын кобінесе олардың ұлы коршілерінің оқілдері жазды. Жазғаңда копшілігі оларға жаңы ашығандықтан емес, олардың ішкі сырын, мүмкіндігін танып білу, озіне қалай бағындыру жолын іздестірген барлаушылық мақсатында жазды. Осылайша шығыс кошпенделерінің тарихын қытайлар, батыс оңір тарихын гректер алғаш хатқа түсірді.

Батыс бұратаналарын (Дун хуялар) танып білу мақсатымен ор кезеңдерде Қытай билеушілерінің одейі аттандырган еші, барлаушыларының баяндау хаттарының әрқайсысы оз алдына бір-бір тарихи хаттама болып қалды. Қытайдың коне Гун Му жазбалары, “Үйнама”, “Вэйнама”, “Ханинама”-дагы батыс оңір тараулары, “Чин Бау” (Батыс шен-шекараны басқару ісі) қатарлы ойгілі жазылымдар жогарыдағы “жолдамалардың” туындысы. Атаимыш туындылар арқылы Хүн-ю, Сун-ю (Хундар), Мәңгули (Монголдар), Тукюэсцы (Түркіләр), Циданы (Қара қытайлар), Усунь (Үйсіндер), Кангюй (Қанылалар), Каї (Қышишактар), Гаогюйлердің (Ұйғыр) ежелгі тарихы бізге жетті.

Ал батыс оңір кошпенделерінің (Сақтар, Бешенегтер, Оғыз, Хазарлар) тарихын алғаш хатқа түсіру Геродот, Аристей Проконесский және Ксенофонт, Птолемей, Страбон қатарлы ежелгі Грек тарихшыларының иешенесіне жазылышты.

Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырлардан бері Хадарганы ховч (Ханғай жоталары), Қара айдаһар (Амур) дориясынан Каспий,

Темір қапакға (Дербент) дейінгі алып сахараны ежелгі түркілер мекен етіп келген еді. Хундардың түрік болімдері тарихын таңба жазуы арқылы қалдырыса, Түрік қағанаты оз тарихын тасқа басып қалдырыды. Бірақ түркілердің бастап кешірген ұлы дүрбелеңдерінің салдарынан аталаған дүйім жұрттың оміrbаянында Орхон-Енисей жазуынан (VI-VII ғ.), Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұнға дейінгі (X-XI ғ.) аралықта тарихнамалық “үзіліс” немесе актандақ пайда болды.

Көзіргі Орталық Азия, Қазак даласына VIII ғасырдан бастап Исләм дінін келіп жетуіне байланысты жоғарыдағы “үзілістің” орнын енді Араб, Парсылар толықтыра бастады. Әрине, олар да тарихтың көрнесін оз пайдаларына орай жамыла білуді ұмыткан жоқ. Сойтін, біздін ата-бабашырымыз – кошпенді Түріктердің ата-тегін Нұқ, Иафеттен тарататын анызды Арабтар таратты. Бұл аныз олі де тірі. Тек тірі емес – ата-тегімді білемін” дейтін екі қазақтың бірінен ата тегіңіз кім? дег сұрасаныз, “озін Нұқтан таратып” ала жонеледі. Түріктерді – арабтаң Сактарды үнді – европалықтардан, IX-XIII ғасырда монгол үстүртінен оралған соңғы Түркі тайшаларын монголдардан таратудың барлығында да идеологиялық сарыи бар. Коршілес Түркі-Монгол халықтарының тарихын хатқа түсіріп қалдырыған қытайлар, Сактардың тарихын жазып қалдырыған Грек тарихшыларының еңбегін де жоққа шығармайтынымыз сияқты. осіресе Монгол империясы тұсындағы Орталық Азия халықтарының тарихи шежіресін жазып қалдырыған Араб, Парсы тарихшыларының еңбегін ескермеу мүмкін емес. Әсіресе Монгол империясы тұсындағы Орталық Азия халықтарының тарихи шежіресін жазып қалдыруда Ибн ал-Асир, Ибн Батута, Эль Омари, Джузджани, Рашид-ад-дин, Джувейни, Казвини, Муин-ад-дин Натаанзи, Хайдар Рази, Гаффари, Казвини катарлы араб, парсы тарихи шежірешілері еслулі үлес қосты. Монгол билігі тұсындағы Қыпшақ хандығы, Алтын Орда, Ақ Орда, (“Кок Орданың”) ара-қатынасы жайлы контеген тарихи дерек жоғарыдағы авторлардың еңбектері арқылы бізге жетті.

Жошы мемлекеті (Қыпшақ хандығы) ыдырауы салдарынан бұл аумақтың геосаясат торіне Орыс мемлекетінің шыға бастауына байланысты XYIII ғасырдан бастап Орта Азия халықтары тарихына Ресей шығыс танушылары ерекше назар аударып зерттей бастады. Біздің тарихымыздың контеген деректері Орыс шығыс танушыларының еңбегі арқылы бүгінгі күнге жеткенін атап откен жон. Бірақ қытайлар сияқты олар да мұндағы жұрттың тіл, салт-достурің, тарихи генезисін жете білмегендіктен, тарихта контеген шытырман сүрлеу қалдырыды. Орыс тарихи әдебиетінде Монголдарды – “ТАтарлар”, Татарларды – “Ногайлар”, Қазактарды – “Қырғыздар” немесе “Кошиенді Өзбектер”, Қырғыздарды – “Буруттар” немесе “Тау тагылары” (Чернокаменные Киргизи) атандырыды. Тіптен

Жошы ұлысын – “Алтын Орда”, Ақ Орданы – “Кок Орда” атаңдырып тарихшыларды ізінен адастырып жіберген тұстары бар. Мұндай бұрмаланудың барысында саны аз кейір халықтардың шежірелері тарихтың коленкесінде қалып қойды.

Осылай шыргалаңға ұшыраған тақырыптың бірі, менің айымша, Қазақ мемлекетінің құрылу тарихы. Қандай да бір халықтың тарихы деген аса күрделі құбылыс. Халықтың тарихында үзінен, кішілік жоқ. Әрбір атаулы халықтың тарихына онын саяси-әлеуметтік және этно-мәдени осін-ону динамикасы арқылы жанжақты (complexus) зерттеу арқылы бару қажет. Мұндай сан қырлы мөселеге бір әпізод арқылы қорытынды беру мүмкін емес. Амал нешік, Орыс тарихшылары бас болып Моголстан тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидың “Тарих-и Рашиди” атты еңбегінде келтірген бір оқиға, оған автордың берген бір қорытындысына сүйенін¹, Қазақ деген халық оның ат-атауы, мемлекеттігінің тарихы жасалды. “Соңғы ақиқат” деп танылған бұл қорытынды күні бүтінге дейін ешбір озгеріссіз қалып отыр. М.Х.Абусейтова бас болып 2001 жылы Алматыда басылған “Қазақстан және Орталық Азияның тарихы” атты еңбекте “Казак атауы өуелі хандықтың (Қазақ хандығы К.3.) озіне беріліп, сосын барып жүрттына тарады”² дей келіп одан әрі қараң “Казак созі атапыш халықтың көзіргі кездегі орысша ресми атауы”³ деп түйген. Сонда қалай, ат-атауы жоқ жүрт бола ма? Жүрт болмаса, хандық құра ма?. Дүйім жүрттың ат-атауы біреудің койған ресми атауы болса, ол халықтың оз тол атауы қайда? Әрине, біз еңбегіміздің барысында бұл сауалдарға жауап беруге тырысын кормекпіз. Қалай дегенмен бір ғана оқиғадан (actus) айтулы мемлекет, бір жолғы коштен халықтың ат-атауы туды деп тану тіктен қаранайым қысынға сия кояр ма екен! Қандай да бір этно-тоңтар бірлесіп үлт, ел болып қалыптасу деген аса күрделі де үзак процес. Этносты табиғаттың туындысы десек, үлт, халық дегеніміз – ғасырларға жалғасқан қоғам омірінің туындысы. Ғасырлар бойы бірлесіп омір сүру барысында озіндік атамекен жері, тіл мәдениеті, омір-салты, мінез-құлқынан бастап басқадай озгешеліктері үйши қалыптасқан қауым атаулы үлт немесе халық атына ие бола алады. XIII-XV ғасырларда Жошы ұлысы құрылымының аумақты-тоқиелілігімен байланысты, оған қарасты дала халықтарының саяси этникалық тарихы да әр түрлі ауыткуларға ұшырады. Тоқай-Темір үриақтары Қажы тархан, Қазан, Қырым хандықтарының іргетасын орынқтыру арқылы, Шайбаниліктер ақыр сонында отырыкты Мауаренахр, Самарқанд қоныс аудару арқылы

¹ Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Алматы, 1999, 233-б.

² История Казахстана и Центральной Азии. Алматы, 2001, 255-б.

³ Ол да сонда, 212-б.

отырықшылық ахуалға ерте ілігүіне байланысты ХҮ-ХҮІ ғасырларда оз ата шежіресін жазып үлгірді. Моголстанның Қашқар, Хотан, Ташкент болімдері де отырықшылдық жағдайда болды. Олар да оз шежіресін өздері жазды. Бірақ аталған бөлімдердің тарихшыларының әрқайсысы өзі шықкан өзінде тарихының “құмалағын төрттен қоюды” ұмытпады. Әбілғазының “Түрік шежіресі”, Мұхаммед Хайдар Дулатидың “Тарих-и Рашиди” шежіресі, “Шайбани-Намә”, Масуд Ben Усман Кухистанидің “Тарих-и Абу-л-хайр хани” қатарлы тарихи шежірелер – жоғарыдағы бағыттың туындылары. Аталғандардың қай-қайсысының тарихи деректемелік құндылығын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ қай-қайсысында династиялық идеологиялық сарын басым екендігін айтпай болмайды. Бірі Могол державасының, бірі Шайбанилық Әбілқайырдың, енді бірі Тоқай-Темір әuletінің аруағын асырып, әрқайсысын XIII-XIV ғасырлардағы түрік әлемінің атасы етің корсеткісі келеді. Қай-қайсысы Орда ежен үрпағына қырын қарайды. Орда ежен әuletінің ең біргі Орыс ханды жоққа шығару мүмкін еместігін сезінген олар Орыс ханды “Тоқай-Темір үрпағы” етің корсетуге тырысады. Қоғитеген тарихшылар жоғарыда аталған тарихи-идеологиялық бағыттардың жетегінде кетті. Осылайша шығыс Дешті-қыпшақты мекен еткен кошпенделердің (қазактардың) саяси мемлекеттік құрылымы болған Ақ Орда мемлекетінің тарихы ескерусіз қалды. Ал шын мәнінде ХҮІ ғасыр тарихшылары “Кошпенде Өзбектердің боліндісі” атандырып келген қазак мемлекеті тарихының қайнары (предистория) Ақ Орда да жатқан еді. Егер Орыс ханды Орда ежен әuletінен алғыста-тып корсеткісі келгенін айтпағанда, В.П.Юдиннің “Қазақ даласының XIII-XIV ғасырдағы тарихын мүқият зерттемей Қазақ хандығының құрылу тарихын түсіне білу мүмкін емес” деген ұсынысы аса орынды пікір дең танимыз¹. XIII-XIV ғасырлардағы Қазақ тарихы дегеніміз ол ұланғайыр шығыс Қыпшақ даласын мекен еткен көшпенде Қыпшақ Сактары (немесе Қай-Сак) және оған шығыстан келіп қосылған ежелгі Түркі тайпаларының бас қосу тарихы, осы далада шанырақ көтерген Ақ Орда мемлекеті және оны билеген Орда ежен әuletінің саяси тарихы болып табылады. 1465 жылы Жөнібек, Керей құрган Қазақ хандығы Ақ Орданың шанырағын қайта көтеріп, Орда еженнен (тіптен Орыс ханнан дең айтальық) бері жалғасқан Қазақ хандарының династиялық мемлекеттік билігін қайта жаңғырту болып табылады. Мұндай және осыған ұқсас пікірлер Махмұд Бен Вали, К.А.Пищулина, М.Қ.Қозыбаев, Н.Н.Мингулов, Ә.Қайдада

¹ Юдин В. П. “Чингиз-наме” как источник по истории казахского народа / Утемиши-хаджи/. Чингиз-наме. Алма-Ата, 1992, 64-б.

ровтың енбектеріндегі кездеседі.¹ Тарихшы К.А.Пищулина Махмұд Бен Вали (Бахр ал-асрар) және Мұхаммед Хайдар Дулатидың сәбектеріне сүйене отырып, “Жетісуда құрылған жаңа хандық Ақ Орда хандығының тікелей династиялық жалғасы” деген қорытындыға келген.² Бұл қорытынды соз жоқ зерттеушілерді Қазак тарихының жаңа сүрлеуіне жетелейді. Ақ Орда тарихын зерттеу өлі де жалғасуда. Жас ғалым Қанат Өскенбай “Шығыс Дешті-қыншақ Жошы ұлысы құрамында: XIII және XY ғасырдың үшінші ширегі” деген тақырыпта кандидаттық диссертация корғады³. Диссертацияның осіреле тарихнамалық маңыздылығын атап откен жон. Осындағы кейбір бастамалар болғанымен, Ақ Орданы “Көк Орда” деп танитын орыс тарихи әдебиетінде қалыптасқан бағыт өлі де озгеріссіз қалып отыр. Тарихи әдебиетте “Көк Орда” атауының сіңісті болғаны соңшалық, Американдық тарихшы Девин Девис 1994 жылы басып шығарған “Алтын Ордаға Ислом дінінің таралуы жөне ежелгі діни ағымдар” атты колемді енбегінде Мунн ад-дин Натаңзидың Ақ Орда жайлы концептуальдық бағытын “Көк Орданы Ақ Орда деп жаңылу” деп есептейді⁴. Тері, автор Мухаммадиев қатарлы Ресей авторларының кейбір енбектерімен ғана таныс болса керек. Мунн ад-дин Натаңзи “Бұркеншік Искандер” (Аноним Искандер) атты әйгілі енбегінде “Көк Орда” және “Ақ Орда” сұлтандарының ата-тегін жеке-жеке таратып корсеткені белгілі⁵. Ақ Орда жайлы тек Мунн ад-дин Натаңзи ғана емес, Гаффари, Хайдар Рази енбектерінде де белгіленген⁶. Бірақ кейбір тарихшылар тіптен жоқ қылышын жіберген Ақ Орданың тарихын тек жоғарыда аталған бірер енбектер арқылы айқындау мүмкін болмай отыр. Біз Монғол империясының Қытайдағы билігінің негізгі жылнамасы “Юань Ши” (Юань дүлкін тарихы) жазылымына үлкен сенім артқан едік. Бірақ онда Қыншақ даласы, ондағы ұлыстардың тарихына жеткілікті мөн берілмеген.

Сойтін, біз озірге қолда бар деректерге сүйене отырып Ақ Орда тарихының комескі тұстарын Монғол тарихы, Жошы хан әuletінің

¹ Махмұд ибн Вали. Бахр ал-асрар. 124-б.; МИКХ, 353-б.; Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV-начале XVI века. Алма-Ата, 1977, 256-б.; Козыбаев М. К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Алматы, 2000, 22-б.; Мингулов Н. Н. К некоторым вопросам изучения истории Ак-Орды // Казахстан в эпоху феодализма. Проблемы этнополитической истории. Алма-Ата, 1981, 94-95-б.; Қайдаров Ә., Оразов М. Туркітана кіріспе. Алматы, 1992, 110-б.

² Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV-начале XVI века. Алма-Ата, 1977, 255-256-б.

³ Ускенбай К. Восточный Дашит-и Кыпчак в составе улуса Джучи в XIII – первой трети XV века. Кандидатская диссертация. Алматы, 2003.

⁴ DeWeese D. Islamization and native religion in the Golden Horde (Baba Tukles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition). The Pennsylvania State University Press, University Park, Pennsylvania, 1994, 335-б.

⁵ Тизенгаузен В.Г. СМИЗО, Т. II, 127-129 б.

⁶ “Ол да сонда, 211-212; 213-214 б.

омірбаяндық шежіресі арқылы іздестіруді жон көрдік. Олай дейтініміз, В.Г.Владимицов дон басып айтқандайың, Ортағасыр тарихында тарихшылардың назарын монголдарлай аудара алған үлт, монголдардан озге “Күния шежіредей” жазба тарихи ескерткішін калдырыған бірде-бір кошненде халық жоқ. Монголдардың тарихын мұндағы бінкке көтерген Шыңғысханның данкы еді. Монголдың әйгілі жазбалары “Күния шежіре”, “Алтан товч”, “Эрдәнин эрх”. “Алтан урагтны дот түүх” (Алтының сыйығының тоте тарихы), “Шар тууж”, “Чингис хаганы биеэр дайлсан тәмдәгләй” (Шыңғыс қағанның оз жорықтары), “Хох судар”, “Болор эрх” қатарлы әйгілі тарихи шежірелер монголдардың XIII-XVI ғасыр аралығындағы тарихының сұйымаған ізімен жазылды. Осылардың арқасында монгол тарихы өлемдік деңгейге көтерілді. Элемнің белгілі тарихшыларынан монгол тарихы жөне Шыңғыс қағанның омірбаяны тоніреғінде қалам тартығаны кемде-кем. Жоғарыда аты аталған Араб, Парсы тарихшыларымен катар То Жи, Жан Жән Фэй, В.В.Бартольд, В.Я.Владимицов, Г.Е.Грумм-Гржимайло, Л.Гамбис, Н.Ц.Мункуев, М.Мурајама, В.Хессиг, Э.Хәниш, Ф.Пелиоут, П.Рачневский, Палиадий Кафаров, Д.Оссон, П.С.Савельев, С.А.Козин, Б.Д.Греков, А.Ю.Якубовский, Е.И.Кычановтар Монгол империясы доуірі тарихын зерттеді. Монголдың оз тарихшылары Х.Пэрлээ, Ш.Нацагдорж, Ш.Бира, Д.Гонгор, Иринжин, Б.Сайшаад, Ч.Далайдың еңбектері де жоғарыда аталғандардың қатарына жатады. Аталған тарихшылар Шыңғысханның омірбаяны арқылы Монгол тарихының ескерткішін тұрғызыды. Аталған тарихшылардың еңбектерінде хағанның омірбаяны арқылы монгол тарихын осіре бінктең жіберген тұстары да кездеседі. Мысалы, коптеген ғалымдар ергеде көзіргі Монгол үстіртін мекен еткен ежелгі Түріктердің этно тарихына монгол кебін кигізіп жіберген тұстары бар. Тек 1889 жылы Н.М.Ядринцев экспедициясы Қара-қорым қаласының жүртүн айқындалап, 1893 жылы Даниялық профессор Вильгельм Томсен Орхон-Енисей жазуының тілін тауып, Орыс ғалымы Палиадий Кафаров 1866 жылы “Монголдың қүния тарихының” қытайша нұсқасын (Юань Чао-Би- Ши) тауып, оның шағын аудармасын орыс тілінде¹ жариялауының нәтижесінде, коне Монгол далаасындағы ежелгі Түріктер тарихының шын сырьы ашыла бастаған еді. Бірак коптеген тарихшылар ертеде Монгол үстіртін мекен еткен Керей, Найман, Жалайыр, Коңырат қатарлы Түрік тайналарын “монгол” деп жазудан танбай келеді. Мен откен бір сибетінді осы мәселенің қыр-сырын айқындауға арнаған едім². Сол сияқты монгол тарихы, Шыңғысхан, оның үрпактарының омірбаянында да олі де бізге бейтаныс тұстары кездеседі. Тарихтың осындағы комескі тұстарының бірі Жошы ханының омірбаяны. Шыңғысханның тұңғыш үлт, 24 жылдық жорық жолында 60 қамал бұзып, 200-ге жуық қала,

¹ Козин С.А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. М.-Л. 1941.

² Қинаятұлы Зардыхан Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түрік тайналары: IX-XII ғасыр. Астана, 2001, 208-б.

қамаңдарды қолға түсірген танымал қолбасшы, сыйналған өскери-стратег, озі және ұриағы Сібір мен Дунай аралығындағы Евразия даласында ойгілі Жошы ұлысын құрып, Баты хан бастаған ұлдары Еуропаның тең жартысын жаулаш алғы Адриатика жағасында мон-ғол жабысының арқасын сұытқан Жошының тарихи оміrbаяны әйгілі әке, даңқты ұлдарының оміrbаяны тарихының колеңкесінде қалып келді. Біз осы олқылықты толтырғымыз келді. Толтырғандары маңсатымыз Жошының шыққан тегін қуғандықтан емес, ол құрған ұлыстың территориялық және саяси кіндігі қөзіргі Қазақ даласы болғандығынан. Жошы ұлысының саяси тарихы Жошының озі және оның ұриақтарының саяси оміrbаяны арқылы қазақ тарихының ізін шалуға мүмкіндік береді. Әрине, мұндай ізденістер бұрын да болған. Бірақ онда методологиялық екі түрлі кателікке орын беріліп келгендіктен, тарихи шындыққа қол жеткізу мүмкін болмады. Біріншіден, өсіресе кенес доуіріндегі тарихнамаларда Монғолдың ұлыстық жүйесі тек басқыншылық түрғысынан қабылданғанлықтан Орта Азия халықтарының тарихын мүмкіндігінше “Монғол басқыншылары тарихынан” алашақтатып, алғы қашып корсету басым бағыт болып келді. Екіншідең соңғы жылдары басталған ұлттық жаңа тарихи ағымдағылар Қазақ мемлекетінің тарихын Монғол ұлыстық жүйесінің династиялық саяси ықпалынан емес, Шыңғыс қаганиң “түріктік, тінтен қазақтық тегінен” іздестіріп арамтер болуда. Бұл тарихи танымдық түрғысынан шындыққа жетелейтін сұрлеу емес, керісінше тарихты адастыратын жол. Ортағасырлық династиялық биілкік жүйесінде қандастықтан горі саяси экономикалық мұрат, мұdde бірлігі орқашан жоғары тұрады. Айталақ, қытайдың Цзин (China) әулетінің іргетасын Шұршіт Агудай әулеті қалады. Юань мемлекетін Шыңғыс қаганиң шобересі Хубылай орнықтырды. Парсылардың басын қосып ел еткен Ел-хан әулетінің бастауында Монке хаганиң ұлы Хұләг тұрды. Қырым хандығының Тоқай-Темір ұриақтары, Моголстан мемлекетін Шағатай әулетінен тарагандар құрғаны белгілі. Бірақ аталған елдердің қай-қайсысы елдігінің тегін Шұршіт¹ немесе “Монғолдық династиялық биілк тегінен” емес, тарихтың саяси олеуметтік қалтарыстарынан іздейді. Сол сияқты біз де Ақ Орданы қазақтың алғашқы мемлекеті десек оның саяси тарихын Жошының “Меркіт қанынан” емес, ол құрған мемлекеттің саяси олеуметтік және этно-мәдени тұтастығынан іздеңген жон дең танимыз. Мұнда айта кетпескे болмайтын бір жай: “алғашқылық” туралы соз болғанда, “Алғашқы Қазақ мемлекеті” ұғымын Қазақ даласында салтанат құрған Үйсін, Қанлы катарлы ежелігі мемлекет құрылымдарымен шатастыруға болмайды. Қазақ даласындағы мемлекеттік дәстүр тым әрідең, атаң айтқанда, Сақ доуірінен басталады. Сол кезден бастап Монғол доуіріне дейін бұл далада он екі мемлекет (Шыңғыс Сақ, Үйсін, Қанлы, Алаң, Батыс Ғұн, Батыс Түрік, Түркеш, Қарлұқ, Қимақ, Қарақан,

¹ Қазақ тарихи әдебиетінде “Шұршіт” атауын Қытайлармен байланыстыратын жаңсақ ұғым калыптасқан. “Зорчил” (каз. Шұршіт) Тунгустардың оз атауы. Мысалы Монголлар Тунгустардың құрған Цзин (Алтын) мемлекетін “Зорчидийн Алтан уле” дей атайды.

Қыншак, Батыс Лиау) салтанат құрды. Бірақ аталғандардың әрқайсысы тайналық өдақ сипатындағы мемлекет (transitus) құрылымдары болды. Атаулы тарихи кезеңде қайсыбір тайпа немесе тайна бірлігінің өскери құш қуатымен саяси үстемдігі басым болса, елі сол қуатты тайпаның атымен аталағы жүре берген. Ал қайсыбіреулер “Алғашқы Қазақ мемлекеті” деги қарайтын Сақ, Қыншак бірлестігіне келсек, олар конфедеральдық құрылымдағы тайна бірліктері еді. Аталған бірлестіктің жағрафиялық ауқымы кең, этно құрамы ала-құла болғандықта, саяси территориялық жөне этно-мәдени мұдде бірлігі қалыптаса қоймады. Қыншак өдағы Монгол шаңынышылығына бірлесіп қарсы тұра алмауы, соңында Жошы ұлысы ыдырағанда, әрқайсысы территориялық мұдде бірлігі жөне этно-салтына орай жеке-жеке ел болып бытыраң саяси категория ретінде Қыншак ат-атауының жойылын кетуі, міне, сондықтан Алтын Орда ол да қолдан құшын жасалған державалық түрғыдағы ала-құла саяси бірлік болатын. Бұл құрылым да ұзақ жасамады. Ал қара шаңырағын алғаш Жошы котерген Ақ Орданың жоні басқа. Ол ықылым заманнан бері шығыс Деніті-қыншак даласында кошпін-коның журін, атамекен жері, этно-тегі мен тіл мәдениеті бір тұстастана бастаған қауымға саяси билікті сырттан әкелін қондыру арқылы мемлекеттік жаңаша формасын қалыптастырган құрылым болатын. Мемлекет алғаш Жошы ұлысының өскери сол қанаты ретінде қалыптасты. Жошы дүниеден отіп, оқесінің қара шаңырағын басқан Орда еженнің (монг. Orda) тұсында “Әңгійн цагаан оргоо” (атаңың Ақ Ордасы)¹ атаниң, елдіктің басты нышандары қалыптасты. Астана құрды, өскер жасақтады, онды-солды елші, жаушы аттандырды. Орыс ханның тұсында Алаш мыңын жасақтап, Алтын Ордаға билік жүргізді.

Еңбекте бұрын Араб, Парсы тарихшылары “Кошиенді Өзі-бек ұлысы”, “Әбілқайыр хандығы” атандырып келген категориялық құбылыстарды жеке-жеке талдау барысында “Кошиенді Өзі-бектер ұлысы” атандырып жүрген жүрт ол басқа ешкімде емес, тек Ақ Орда кошиенділері, екендігіне коз жеткіздік пе деп ойлаймын. Олай болса, “Қазақтар дегеніміз кошиенді Өзі-бек ұлысынан болінін жарылғандар” делинетін пікірден мұлдем бас тартуға тұра келеді. Әрине Жошы ұлысы жүйесін қамтыған саяси сілкіністер (ХІҮ ғасырдың орта кезінен ХҮ ғасырдың соңына дейінгі) кезінде Ақ Орда мемлекет ретінде тарихшылардың назарынан тыскары ескерусіз қалған тұстары бары рас. Бірақ ол Ақ Орданың мемлекет ретінде жойылын кетуі емес еді. Олай дейтініміз, біріншіден, Ақ Орданың династиялық билігі (Орда еженнен Жөнібек-Керейгес дейін одан да орі) еш үзілмей жалғасып келді. Тарихнамаларда Орыс хан Тоқай

¹ Монгол үғымында “Әңгійн цагаан оргоо”, “Атаниң ақ ордасы”, “Ұлғүй” қазақша “Қара шаңырак” деген мағына береді. Соз жоқ Орда ежен басқан “Атаниң ақ ордасы” Жошы ұлысының қара шаңырағы болып табылады. Қадырғали би Қосымұлы “Жылнамаларжыныңда” Орда ежесін басқан шаңыракты “Лууат орда” (өуелі орда) деп атаған. Сыздықова Р., Қойғельдиев М. Қадырғали би Қосымұлұжане оның жылнамалар жинағы. Алматы, 1991, 202-б.

Темір әулеттін де ікір бар. Біз бұл еңбегімізде мұндай іікірлерді жан-жакты сараптай келіп, Қазак хандарының атасы Орыс хан Орда ежениң тікелей үрнағы екендігіне токталиши, Орда ежен әулеттің шежірелік кестесін ұсынын отырмыз. Екіншіден, Орыс ханиның шоберелері, Ақ Орданың хан тагының заңды мұрагерлері Жөнібек пен Керей Шайбацийлік Әбілқайыр билігін мойындағаны туралы ешбір дерек кездестіре алмаймыз. Сондыктан біз Әбілқайыр билігі түсініда да (1446–1468 жж.) Ақ Ордағы Орыс хан үрнектарының династиялық билігі үзілмеген дең санаймыз. 1465 жылы Қазак хандығының құрылуы шын мәнінде Ақ Орданың жаңаша шаңырақ көтеруі болды. Қадыргали би Қосымұлы бұл тоңрегінде “Осы Жөнібек хан атасының ұлысын” озі биледі” дең жазуы¹ көн жайындағы. Соз жоқ, алғашқы казак тарихшысы Қадыргали Жатайыр мұнда атасы дең Орыс ханды² оның ұлысы дең Ақ Орданы айттын отыр. Ақ Орда алғаш Ертіс байында шаңырақ көтерді. Орданың алғашқы жұртын айқындау өзірge мүмкін болмай отыр. “Ақ Орда ұлысының”³ астанасы Сығанак болды. Орыс ханның ұлы атасы Ерзен ханың түсініда Сығанак ғұлденін дамыды. Орыс ханға арналып осында алғаш акша соғылды. А.Ю.Якубовский діңанықтауыша, Сығанак қазбаіарынан табылған материандық бұйымдар XIX ғасырдың соңындағы архитектуралық ең үздік ескерткіштердің көтөрүне жатады⁴. Қазактың алғашқы каруулы колы-ак тұлы Алаш мыңдығы Орыс ханның басшылығымен Сығанакта жасақталды.

Қазактың мемлекеттігін пыгайтуда Орыс хан ұлы Барак, Барак-ұлы Жөнібек, Эйіке-Болатұлы Керей хандардың қосқан үлкен үлесі бар. Бүгінгі саясаттың тұғырын биіктеттің корсету үшің, қазактың откен хан, батыр, бектерінің тауын аласартуға болмайды. Сол сиякты бұрын сондық қазактың коне мекенін басып откендердің барлығын “казак” дең жар салудың да қисыны жоқ. Әрбір зерттеуші оз койла барын оз атымен атан бере алса, тарихқа сонын озі-ак жеткілікті. Құрделі тақырыпқа қиянина кол созғанда өзірge менін көлемнен келгені осы болды. Барлығын орнына келтірдім дең айта алмаймын. Тақырыпты олі де зерттеп нақышына жеткізу бүгінгі жөнө келер тарихың үрнектің еншісінде қалады.

¹ Қадыргали Жатайыр. Шежірелер жинағы. Алматы, 1997, 114-б.

² Левинин А.И. Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы, 1996, 147-б.; Валиханов Ч.Ч. Сочинение в пяти томах. Т. II, Алматы, 1985, 163-б.; Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. Алматы, 2001, 41-б.; Тынышпаев М. Великие бедствия... Алма-Ата, 1992, 95-96 б.; Құрбанғали Ханш. Тауарих Хамса (бес тарих). Алматы, 1992, 98-б.; Султанов Т.И. Поднятие на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. Алматы, 2001, 141-б.

³ Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. М-Л., 1950, 306-б.

⁴ Ол да сонда, 307-б.



БІРІНШІ БӨЛІМ

ЖОШЫНЫҢ ШЫҚҚАН ТЕГІ, ҰШҚАН ҰЯСЫ

§ 1. Монголдың Қият – Боржығын аулесті: Борте Чинөдан – Тәмүжинге дейін

Жошы ханның жиырма үшінші атасы Борте Чинөнің тұп-төркінің шығыс мұсылман шежірлері Оғыз Елханнан таратады.¹ Ал монгол жазылымдарында тек Борте Чинөнің Қият тегі туралы атап откендері болмаса², шығыс мұсылман жазылымындағыдай нақты таратылым кездеспейді. Бірақ монгол деректемелерінің бір ерекшелігі мұсылман жазылымдарындағыдай Борте Чинөні аңыз-ертегі тұлғасы ретінде емес, өмірде болған адам ретінде атап көрсетеді. “Борте” үғымы монгол тілінде де өзіндік түбірлі, түркілік мағынасын озгертийді. Ол монголша “сұры, бортс” деген мағына береді. Ал Чино монголша “Бөрі – касқыр” деген сөз. Бұл үғым, сайын келгенде, “Бөрлі – Алшын” руынан шыққан Борте деген мағына береді. Қият руы, оның ру басы Борте аулестісін Шыңғысхан туғандықтан, Борте Чинө “монголдардың ата-бабасы” іспетті болып кеткені болмаса, олар “Монгол” атанған жүрттың тұп тұқияны иемесse шыққан қайнары емес, тек осы халықты (этности) құраған көп ру-тайланың бірі болып табылады. Монгол жазылымдарында Борте Чинөні монгол этносының атасы емес, тек “Монгол хан әулестінің атасы”³ деп көрсетуі, міне, сондықтан.

Қайсыбір тарихи тұлғаны тек оның өмір сүрген заманы арқылы ғана танып білуғе болады. Борте Чинөнің өмір сүрген заманы хакында екі түрлі пікір бар. Біріншісі деректемелік пікір де, екіншісі қарапайым математикаға

¹Рашид-ад-дин. Сборник листописей. Т. 1, кн. первая, М.-Л., 1952, 87-б.; Эбілғазы. Түрік шежірессі. Алматы, 1992, 27-б.; Кудайберлы-улы Шакарим. Родословная тюроков, киргизов, казахов и ханских династии. Алма-Ата, 1990, 15-б.; Қадырғали Жалайыр. Шежірлер жинағы. Алматы, 1997, 30-33-б.

²Нацагдорж Ш. Чингисийн цадиг. УБ., 1991, 21-б.; Амар А. Монголын товч түүх. УБ., 1989, 91-б. Майдар Д. Чингис хаан ба Монголын их түрән. УБ., 1990, 26-б.; Сайшашаал Б. Чингис ханыны товчиян. Дәд дөвтәр. Ҳох хот., 1990, 7-б.

³Нацагдорж Ш. Чингисийн Цадиг. УБ., 1991, 21-б.

сүйенін айтылған пікір. Деректемелік негізгі пікірді Мәр-ғэн Гэгээний “Алтан товч” жазылымынан көре аламыз. Аталмыш еңбекте Борте Чинонің туылған жылы туралы мәлімет оның тұңғыш ұлы Баташы ханның¹ туған жылы арқылы берілген. Онда Борте Чинонің 29 жасында туған Баташы хан Тан әулеті Дэй Зуннның Жэн Юованының екінші қызығыт барыс жылы (786) туды дедінгесі.² Егер тұңғыш ұлы Баташа оның 29 жасында туылса, онда Борте Чинонің озінің туылған жылы 758 сарғыш ит жылшына сай келеді. Сайнаалдың Борте Чинө БЖС VII ғасырында омір сүрген адам³ деген хабары жоғарыдағы пікірден туында-са көрсек. Тарихшы А. Амар көне қытай жазбаларына сүйене отырып “Борте Чинө Шыңғысханға дейінгі 1063 жылы өмір сүрген белгілі адам” деп көрсетеді.⁴ Бірақ А. Амар мүнда иендей деректерге жүгінгені жайлы толық хабарламайды.

Енді скінші пікірге келсек, кейбір ғалымдар Тэмужин Борте Чинонің жиырма үшінші үрпағы екеніне токталады да, бір үрпаққа 50 жылдан уақыт бөліп Борте Чинө Тэмужиннен 1100 жыл бұрын, БЖС 60 жылдары немесе Ғұн дәуірінде өмір сүрген адам деп пайымдайды.⁵ Ғалымдар үрпақ жалғастығын 50 жылмен айыру көнтік етеді деп есептеп, 25 жылдық ара-жікпен пайымдайтыны белгілі. Олай болса Борте Чинө Тэмужиннен 1100 жыл емес 550 жыл бұрын өмір сүрген адам болып шығады. Бұл БЖС VII-VIII ғасыры немесе Моңгол үстіртінде Түрік қағанаты билік жүргізген тұс. Және бұл есеп Мәрғэн Гэгээний “Алтан товч” деректерінде біршама жақын келеді.

Қалай дегенімен Борте Чинө белгілі адам жәнс “талай теніз көллі басып” жүріп Онон өзенінің бойы Бурхан Хал-дун маңына шет аймактан көшіп келіп орын тепкен әулет. Қайдаң қалай келді дегені болмаса, “Борте Чинө, Қса Маралдың көшіп келгсін” төңірегінде талас жоқ. Бұл туралы “Монголдың құпия шежіресінде” “Шыңғыс хаганиның ата бабасы, тәңір жарлығымен туған Борте Чинө, зайыбы Қса Маралмен бірге теніз көлдерден өтіп келіп, Онон өзенінің жоғарғы бойы Бурхан Халдун қойнауына қоныс теуіп Бат-цагаан (Баташы хан) атты ұл туды”⁶ деп жазады. Мінс, өмір Шыңғысхан Тэмужин оның үрім үрпағы осы әулесттеп са-

¹ 1990 жылы Улаңбатырда басылған “Монголың нууц товчоо” (“Монголдың құпия шежіресі”) басылымында “Батцагаан” деп қозіргі монгол жа-зылымына үйлестіріп көлтірген Ал көне жазылымдарда “Баташы хаган” деп көрсетеді. “Баташы хаган” дегеніміз “Конкенділердің немесе малыш қауым-ный ком басы” деген Орхон-түркілер үтімінан алынса керек.

² Ринжен. Монгол биғгийн соғынын түххийн дурсгалт түүх. Өвөр монголын Ардын хөвлөлдүйн хороо. Хох хот, 1990, 320-б.

³ Сайшал Б. Чингис хааны товчоон. Дәл дәвтэр, Хох хот, 1990, 7-б.

⁴ Амар А. Монголың товч түүх. УБ., 1989, 89-б.

⁵ Майдар Д. Чингис хаан ба монголын их гүрүн. УБ., 1990, 26-б.

⁶ Монголың нууц товчоо. УБ., 1990, 1-бап, 25-б.

бақтап Жошы ханға дейін 23 үрпақ жалғасады. Олардың алғашқы он екісі төмсіндегідей: 1) Бөрте Чинө 2)Баташы хан 3)Тамашы 4) Хоричар мерген 5) Уужим Бурыл 6) Салихачу 7) Ике нұден 8)Сам Сошы 9) Қаршы 10) Бертекчин мерген 11) Торголжин бай 12) Доба мергесі, міне, осылар еді. Аталған он екі үрпаққа дейін Бөрте Чинө әулесті тек Қият атанды. Добу мерген өлгендес, жұбайы Алун-гуда Бәлгунуттей, Бұғұнұттей атты екі ұлымен жессір қалды. Алун-гуда Доба мерген өлгендес қолында қалған Мәлік Баяуд руының ер адамынан Бұқа Қатақ, Бұқатай Салжы және Боданчар Мұнхаг атты үш үл туады. Алун-гуаның бүл кадамы ұлдарына да, ағайын туысына да жақпайтынын сезген көрсеген Алун-гуда үш ұлын “қарадан тумаған, құдайлың құдіретімен нұрдан жаратылған тәңірдің ұлдары, ұлдарымның текстілігін қарапайым жүрт олар тек хан болғандағана түсінетін болады” деген лақап таратып, бес ұлын әрдайым береке-бірлікке шақырып отырған.¹ Бірақ Алун-гуда ана көз жұмғасын, ағалары, кенже інілері Боданчарды сыртқа тесіп енші бөлмейді. Бүл жайға окпелеген Боданчар Онон өзсінін бойлап ағаларынан штетеп кетеді. Соңынан іздең келгесін ағасы Бұқа Қатақ екесін бірлесіп мұндағы иен, тегін жатқан слідін басын біріктіріп, билік құрып осында біржола тұрып қалады. Бөрте Чинөнің он үшінші үрпағы және монғолдардың келешек билсуши Боржығын әулесті осы Боданчардан басталады. Боданчар-Боржығын әулесті анасы Алун-гуадан қалған наным-осиет байынша өз тегін “Тәнірден жаратылған ақ сүйск-ару үрпақ” деген сенім таратты, шынымен үш өзен бойын мекен еткен монгол тобының басын қосып билік жүргізу міндесті Боданчар әулестінің үлесіне тиеді. Осы кезеңден Бөрте Чинө әулестінің Боржығын атымен жаңа дәүірлеу кезеңі басталады. Тіптен Шыңғысхан бастаған Монгол империясы тұсында да бас билік тек Боржығын әулестінен шыкқандардың құзырында болғаны белгілі. Енді біз Бөрте Чинөнің Боданчардан соңы үрпақ жалғастығын саралап көрелік. Боданчардың өзі Бөрте Чинөнің он үшінші үрпағы Бөрте Чинөнің он төртінші үрпағы (Боданчардан-екінші) Хавч батыр, он бесінші үрпағы (Боданчардан-үшінші) Манан Туден, он алтыншы үрпағы (Боданчардан-төртінші) Хачи Қөлік, он жетінші үрпағы (Боданчардан-бесінші) Әйгілі Хайду хан, он сегізінші үрпағы (Боданчардан-алтыншы) қаһары қатты Байшинхор, он тоғызыншы үрпағы (Боданчардан-жетінші) Домбинай шешен, жиырмасыншы үрпағы (Боданчардан-сегізінші) Қабул хан, жиырма бірінші үрпағы

¹Лувсанданзан. Алтан товч. УБ., 1990, 11-б.

(Боданчардан–төгізынышы) Бардан батыр, жиырма екінші үрпағы (Боданчардан–онынышы) Есукей батыр, жиырма үшінші үрпағы (Боданчардан–он бірінші) Тәмужин – Шыңғысхан, міне, осылар еді.

“Монғол” атты қауым X–XI ғасырға дейін тарихи жағрағияда “Монғол үстірті” аталған ұлы далада жеке билікке қол жеткіз алмады. Түркі жәнс Тунгус-шивэй текстес басқадай коп тайпаның арасында әуслі Хүн, Сяньби, Жоужуан, одан Түрік қағанаты, Ойғыр, Кидан (қара қытай) жәнс Енисей Қырғыздарының билігіндегі болды. Монғолдар осы кезеңге дейін “Татар”, “Оғыз татар”, “Шивэй” атауымын тарихтың кейбір қалтарыстарында көрініс беріп қалатыны болмаса, тарихи сахнада ерекше көзге түссө қоймаған тайпа болатын.

Монғолдар өзіндік ат-атауымын тарихтан көрініс берсе бастиған X ғасырдың соны немесе Боданчар әулесті үш өзен (Хэрлэн, Онон, Тула) бойына келіп коныс тебе бастиған тұсы болды. Боданчар X ғасырдың сонында Монғол текстес бірер ру-тайпаның басын қосып, монғолдың тайпа бірлігінің негізін қалады. Кидандар XI ғасырда осынау тайпа бірлігін “Монғол ұлысы” деп атады.¹ Монғолдардың бірер күш қаукар жинаған кезеңі Бөрте Чинонің ои тоғызынышы үрпағы Домбинай шешенің ұлы Қабул ханының тұсы болды. Бұл кездес Монғол тайпа бірлігін қытайлар “Да –Мэнгү” немесе “Дүйім Монғол слі” деп атады.² Монғол әулесті тарихында хандық билік осынау Қабул ханнан бастау алады. Монғол әулестінің сліші аттаңдыру, сауын салу, әскер жасақтау, корғаныс құру сиякты өзіндік слідік, мемлекеттік иышандары Қабул ханының тұсында қалыптаса бастады. Бірақ Қабул ханнан биліктің мұрагерлік жолы жалғаспады. Ол өмірінде өзінің жеті ұлы бола тұра Тайчуд тайпасынан шыққан Сэнгүн Билге ұлы Амбагай өз орына лайық деп тапты. Рашид-ад-диннің пайымдауынша, Қабул ханының бұл қадамын өзінің биліктілігінен емес, үлдарының жеттесіздігінен деп қарайды.³

Амбагай мемлекеттік билікті қүшету мақсатымен “Мемлекеттік тәйші” лауазымын белгілеп, ол орынға өзінің екінші ұлы Қаданды тағайыннады. Хамаг монғол билігіндегі тәйші лауазымдылар слідің әскери ісін басқаратын болды. Амбагай ханының тұсында монғолдардың

¹ Пэрлээ Х. Чингисийн чулууны бичээс. (“Гурван огүүлэл”), SM. T. III, № 13, УБ., 1962, 15-б.

² Ол да сонда 13-б.

³ Рашид -ад -дин Сборник летописей. Т. 1, кн. вторая, М-Л., 1952, 36-37-б.

татарлармен жәйі жараспады. Ақыры татарлар Амбагайды қолға түсіріп, Цзин Го (Алтын елі) билесушілерінің қолына тапсырып, сонда ағаш есекке таңылып өлтірілді.¹

Монголдар Онон бойындағы Хорхоног Жабурда құрылтай шакырып, Амбагай ханның аманаты бойынша Қабул ханның скінші ұлы Хотулды “Хамаг Монголға” хан көтеріп², Амбагайдың ұлы Қадан мемлекеттік тәйші лауазымына тағайындалады. Бұл кезде Хамаг Монголдың қарамағында “Дарлигин” деп аталатын “Өтгө боол” (Bassal) 16 аймақ, “Алтын ураг” (Алтын үрпақ) 16 аймақ, Жалайыр аталатын “Онгу боол” (есіктен құл) 10 аймақ, көптеген рудан құралатын Дайжиуд тобы және Нируннан тарайтын Қият, Боржығындар жататын. Бірақ мемлекет билігі Боржығын-Боданчар үрпағының қолында болды.

Монголдар күш-куатын біріктіріп Татарлардан ата кегін алу үшін Татар билесушілері Қотан Барак, Жәлел Бұқаға қарсы он үш мәрте аттанды, бірақ татарларда кеткен ата кегін қайтара алмай Хотул хан көз жұмды. Хотул ханнан соң Шыңғысханға дейін Монголда ресми хан сайланбады. Ел билігі Хотул ханның тұнғышы Барданба-тырдың ұлы Есукейдің қолына келді. Ол тәйші лауазымына ағасы Нәкунді тағайындала, өзі татарларға қарсы жо-рыққа аттанды. Есукей билік еткен тұста монголлардың ара бірлігі тым жараспады. Шыңғысында Цзин Го (Алтын елі) мемлекеті шаңырақ көтеріп, татарлармен шұршіт-тердің ара байланысы нығая түсті. Қарайллас жатқан Керейттер мен Меркіттің аруақ даңқы арта бастады. Ба-тысында Найман ұлысы бой көтерді. Монголдың өз ішінен Тайчылар мен Жадрандар бас билікке үмтүлды. Қай-қайсысы өз шаңырағын көтеріп ұпайын түгендеу ар-қылы қөшпендейлердің басын қосып билік құру үшін жан-таласты. “Монголдың күпия шежіресінде” көрсетуі бойынша, Монгол үстіртін мекен еткен дүйім тайпалар “Күн, түн демей сабылып, қылыш балта шабылып, бел шешүге мұрша жок, біріне-бірі шабынып”³ қан жұтып қақтығысып жатқан кезеңде 1170 жылы монголлардың бас қолбас-шысы Есукей татарлардың қолынан қаза тауып, онсыз да әлсіреген ат төбеліндегі монголлардың саяси халі тіптен мүшкілдей түсті. Есукей батыр өлгесін, боржығындар өз ара қақтығыса ғана бастады. Кешегі өткен Амбагай хан үрпақтарымен Хотул әулеті арасынан жік шықты.

¹Ол да сонда. 42-б.

²Монголын нууц товчоо. УБ., 1990, 53-бап.

³Монголын нууц товчоо. УБ., 1990, 254-бап.

Бөрте Чинөден бері тегі бір Тайчылардың¹ тайпа басы Таргутай-Хирилтүг, Гирте Тодай ауылы Есукейдің жесірін жас балаларымсın жұртқа тастап көшіп кетті. Тек жұртқа тастап кана қоймай, “Бөрінің аты бөрі, бауырын жазып, көзін ашса”, Есукейдің ұлдары айналып шабуы мүмкін деп куаітенген Таргутай-Хирилтүг олардың көзін біржола құртпаққа бел байласп, Есукей ауылын шапты. Есукей батырдың он төрт жасар тұнғышы Тәмужин Тайчыларға колға түсіп Бәсүүд тайпа басы Сорхон-Шараның көмегімен өзөр құтылады. Туадан стратег, еті тірі Тәмужин карап жатпады. Ол он бес жасында бесс қаруын асынып атқа қонды. Алғаш Наху байдың ұлы Богарчымсın бірлесіп ексу болып атқа қонған ол әуелі ата досы (анды) керейт Ванхан (Уанхан), одан соң Боданчардың Урианхат жессірінен туған ұлы жат Жадраның үрім бұтағы, Қара Қаданның ұлы Жамухамен одак құрып бірлесе қимылдау арқылы 1179 жылғы Бугур Кегердегі Меркіт женісінен кейін сұрырылып алға шығады.

Меркіт женісінен соң бір жыл жарым уақыт бірге болып іштей тынған саяси тартыстың барысында негізгі саяси қарсыласы Жамухадан өз үпайы түтел бөлініп шыққан Тәмужин 1189 жылы Сэнгур Горхи (Цэнхэр өзені) бойындағы Қара Жүрхэниң Көк норында өз шаңырағын көтеріп қана қоймай аталас туыстары Алтың, Хучар және жүркен тайпа басы Сачабектің қолдауымен Хамаг Монғолдың (Дүйім Монғол) ханы сайланады.² Сөйтіп, Хотул ханнан соңғы 40-тан аса жыл уақытта хансызың қалған³ Монғол жүрті өз басшысын тағайындейді. Тәмужиннің хан атапары Қабул, Амбағай, Хотолдар тек ғана тайпа ханы болды. Сондыктан оларда “хан” дегеннен өзге қосымша лауазым, атақ, данқ болмады. Ал Тәмужиннің олардан ерекшелігі Монғол тарихында алғаш рет жай ғана “хан” смес “Чингис хаған” атануында. Фалымдар бұл атаудың мағынасын өсірелеп тым терендетіп, аңыз-ертеғіге айналдырып жіберген жайы бар. Олай болуының негізі, менімше, фалымдардың көпшілігі “Чингис” ұфымының тек сөздік мағынасын қызып оның идеологиялық, стратегиялық түсын

¹ Тайчууд (Тайчылар) Бөрте Чинонің он жетінші, Боданчардың алтыншы үрпағы Хайдудың ұлы Чирхай Лянхуаның үрім бұтағы. Олар Амбағайлық – тайчылар атанды. Шыңғысханың ұлы атасы Хотулханың аталас туыстары.

² Монголын нууц товчоо. УБ., 1990, 123-бап, 73-б.

³ Хамаг Монғолдың ханы Хотол 1159 жылы өлгеннен кейін бас билік оның немересі Есукей батырға жалғасады. Бірақ ол реесми хан сайланбаған. Сөйтіп монғолдар 1159–1189 жылға дейін 40 жыл бойы хансызы болған еді.

жете ескермей келгенніңде мес деп ойлаймын. XI- XII ғасырда Монгол үстіртін мекен сткен әрбір тайпа иемессе тайпа бірліктерінің озіндік ханы, тегіні, бегі, ескери колбасшылары болды. Хамаг моңғолдар да солай. Бірақ олар бір бірінсі бағынбайтындықтаң жер дауы, жесір дауы, ата көгі үшін үнемі қан төгісумен болды. Хамаг Моңғолдың игі жақсылары бас қосып 1189 жылы Тәмужинді Хамаг Моңғолға хан көтерген тұста ру, тайпа аралық қактығыс тым асқынып кесткен болатын. Ат тағаны мен тозған жүрт дүйім тайпаның басын қосып, тыныш бейбіт омір суруді аңсан. “Моңғолдың күпия шежірессінде” айтылуы бойынша, мұндай тыныштықты бұл аймактың әрбір адамы ғана емес, мал екеш малына дейін аңсайтындығы атап көрсетіледі. Шежіренің 121-бабында Хорчы Тәмужинге былай дейді: “Біз Bodanchar атасың иекесіз бір әйслінен туғандықтаң, Жамухамен кіндігіміз бір адамдармыз. Сондықтан, әрине, Жамуханы біржола тастан кете алмаймыз. Бірақ періште маған мынандай сөве келтірді. Ақ тарлан сиыр Жамуханың үй арбасын сүзем деп бір мүйізінен айрылып, “Мүйізімді бер” деп Жамухаға қарап мөңіреп тоғырақ шашып түр екен деймін. Және бір ак тоқал сиырды үлкен орданың арбасына жеккен екен деймін. Сол сиыр тарпаң жолмаси Тәмужиннің соңынан тырмысып “Дүйім дүние үйғарың Тәмужинді сл иссі болғыза гор!” деген тілекпен жүккө түсіп келемін деп мөңірейді—екен деймін. Бұл — мениң сөзім емес, бір алланыш сөзі. Тәмужин, сен егер ел иесі бола қалсаң, оны алдын ала болжаған мені қандай бақытқа кенелтер едің?”⁹⁰ — деп сұрайды. Бұл жайдан дүйім жүрттың бірлікті көксеген арманын және бұл арманын орындауға Тәмужин ғана лайық деген таңдау тұрғанын көрсетеді. Алтан, Хучар, Сача Бектер Тәмужинге келіп “сен хан бол!” деп қолқа салғанда айтқан сөзі жоғарыдағы сарынды білдіреді. Онда “Орда сарай үйлерді қөптің ханы Тәмужин, саған табыс етелік” деп келдік делінген.⁹¹ Менімшіс, “Чингис хан” атаяу осынау бірлік, билік ұранының символдық атаяуы. Қоңе Түркі және Монгол үғымында “хан” дегені ол тек бір тайпаның, бір аймактың немесе “көл көлшіктің” ханы емес, “Хандардың ханы”, “Бас хахан”, “Тэнгис – далай хахан” деген мағынаны білдіреді.

Бұл атаяу туралы алғаш пікір айтқандардың бірі – Француз ғалымы П. Пельо. Ол “шыңғыс” сөзі түріктің “теніз” (“океан”) үғымының монголдық нұсқасы. Егер осылай деп

⁹⁰ Монголын иууц товчоо. УБ., 1990, 121-бап.

⁹¹ Ол да сонда, 123-бап.



Монгол мемлекетінің ұлы “хас-бу” тамғасы мұнда: “мәңгі тоқирдің куатында моңғол мем-лекетінің теніз ханының жарлы-ғыша бас үріндар. Тізе бүгіндер!” деп жазылған.

шешсек, онда “Шыңғыс хан” (Монг. Чингис хан) лауазымы “Теңіз ханы”, “Баршаның ханы”, “Тенідесі жоқ хан” дегенге саяды. Ал түркілердің ата-бабасы Оғыздың алты ұлының бірі “Деніз” (Теніз) атаған деп жазады.¹

Шыңғысханның таңба моріндегі “Кокте тәнір, жер бетінде хаған бір, әлем билеушісінің таңба морі” деген жазу Шыңғысханның әлемді билеу стратегиясының идеологиялық белгісі. Монгол тіліндегі тенізді “Тенігис–даілай” дейді. Және бұл соғ “әлемдік” деген ұғымның баламасы ретінде қолданылады.

1929 жылы Хәрләннің қыр көдессінде Өгөдейді әкес орнына ұлы хаған тағына көтергенді рәсімде інісі Тулуй тәнірінен ақ дәмисен шашу шашын белгі бергенде, жиналғандар “Ұлы хаған – Даілай хаған” деп тізе бүгін тоғызы дүркін кайталаған.² Бұл ойгілі экссенің “Шыңғыс хаган” лауазымының толық мағынасын кайталау еді.

Шыңғыс хаған құрған империя 150 жылга жуық (1225–1368) омір сүріп, дүйім дүниенің тен жартысына билік жүргізді. Ал Жошы ұлысы 240 жыл (1240–1480) салтанат құрды. Жошы ұлысы (Алтын Орда) атанған ұлы державаның басында Шыңғыс қағанының тұңғыш ұлы Жошы-хан тұрды.

¹Pelliot P. Les. Mongols et la Papauté, Paris, 1923, 38-б.

² Бүгіл Найрамдах Монгол Ард Улсын түүх. Гурван боть, Дәд дәвіт. УБ., 1966, 244-245-б.

§ 2. Жошыны дүниеге әкелген шаңырак: Тэмужин мен Борте үжин отбасы

Жошы ортағасырда дүйім дүнисінің дүр сілкіндірген әйгілі Тэмужин отбасында дүниесге келді. Анасы қоңырат тайпасынаң шыққан Дэй шешениң қызы Бөртс. Тарихи жазылымдарда “Бөртс үжин” деп белгілейді. “үжин” немесе “сж” “хан ұлдарының анасы” деген мағынадағы монгол сөзі. Монгол жазылымдарында тек ғана екі адам: Шыңғысханның оз анасы Өлсен және Жошы мән оның ханған інілерінің анасы Борте ғана осылайша аталады. Ал басқалары “хатын” (ханым немесе хан, ханаңдардың жұбайы) деп аталады. Жошының анасының өмірбаянына сөл соңырақ ораламыз. Әуслі әкесі Тэмужиннің өмірбаянының кейбір тұстарына токталып көрслік.

Жошының әкесі Есүкей ұлы Тэмужин, оның өмірбаяны төңірегіндегі жазылған еңбек тым көп. Бірақ Шыңғысханның өмірбаянының сырты түгелдей ашылды дей алмаймыз. Өйткені кейбір естелікшілер кезінде торткүл дүниесін тен жартысын билеген Шыңғысханды әсіре мактаймыз деп, көптеген оқиғаның тігісін жаткызып тым аңыз-ертеғіге айналдырып жіберсе, сиді бірі оны ата жауы түрғысынаң әсіре сырт табем деп Шыңғысханның өмір тарихының кейбір тұстарын құнғарттандырған жіберген тұстары бар. Мысалы, Тэмужиннің өмірге келген жылы туралы әркім әртүрлі жазын келді. Шығыс мұсылман тарихшыларының копшилігі оны қыжыраның 559 (1155) жылы туды десе¹, Шәкәрім Құдайбердіұлы 1154 тауық жылы туған деп жазады². 1834 жылы Петербургте орыс тілінде жарық көрген “Көнеден Тамерланға дейінгі Монгол тарихы” атты еңбекте тіптен қыжыраның 549 жылы зүл кәденің жиырмасыншы күні Дилунь-Булдакта (Дэлун Болдог) өмірге келді деп жазады³. Монгол-татарлар туралы толық белгілсуз” атты қытай жазылымында 1154 жылы, ал Пәл Пәллиот 1167 жылы туды деп жазған⁴. Бұл төңірегіндегі шығыс мұсылман тарихшыларының негізгі сарыны “Тэмужин 1155 (қыжыраның 559) доңыз жылы туып, 1189

¹ Рашид-ад-дин Сборник летописей. Т.1, кн. вторая. З-б; Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы, 1992. 51-б.

² Шакарим Құдайберды-ұлы. Родословная тюроков, киргизов, казахов и ханских династий. Алма-Ата, 1990. 94-б.

³ История Монголовъ: Отъ древнейшихъ временъ до Тамерлана. Перевод с Персидского. Санктпетербургъ. 1834, 15-б.

⁴ Сайлаал Б. Чингис товчоон Дәд бөтті, 24-25-б.